

**Кербұлақ ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 08 қыркүйектегі № 34-202 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 16 қыркүйекте № 2854 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қазандағы № 36-215 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 15.10.2014 № 36-215 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кербұлақ ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, туризм, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Б. Есімов*

*Мәслихат хатшысы*

*Е. Сұраншынов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Кербұлақ аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы Айгүл Тұрдақынқызы Диханбаева*

*"08 " қыркүйек 2014 жыл*

*"Кербұлақ аудандық экономика  
және бюджетті жоспарлау бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы Шалқыбай Молдахметұлы*

*Т ө л е г е н о в*

*"08" қыркүйек 2014 жыл*